

## Амангелді орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылындағы мектепшілік бақылау жұмысының қорытынды талдауы

Білім беру процесін ұйымдастыруда білім беру ұйымы қызметінің барлық бағыттары бойынша мектепшілік бақылауды сапалы жоспарлау мен жүзеге асыру маңызды. Бақылауға және жақсартуға байланысты басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың Тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспары әзірленді. Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау
2. Оқу процесінің сапасын бақылау
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау
4. Оқу-зерттеу қызметі
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Мектепшілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдау жүргізілді.

Мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы:

- директор жанындағы кеңесте оқушылардың қосымша біліммен қамтылуы, сабаққа қатысымы, «Жас ұлан» ұйымының жұмысы, спорттық шаралардың ұйымдастырылуы, әлеуметтік педагогтің ата-аналармен жүргізген жұмыстары, психологтің жұмыстары қаралып, талқыланды, басқарушылық шешім шығарылып орындауға тапсырмалар беріліп отырды. Нәтижесінде себепсіз сабақ жіберетін оқушылар болған жоқ. Оқушылардың үйірмелерге қатысымы тұрақты. Волейбол секциясының оқушылары облыстық, республикалық деңгейде жетістіктерге жетті.
- Мектептің педагогикалық кеңестерінде оқушылар арасында қылмыстық құқықбұзушылықтың, бопсалау деректерінің алдын алу жұмыстары, «Оқуға құштар мектеп», «Балалар және театр», «Ұшқыр ой алаңы» жобаларының жүзеге асырылуы, әлеуметтік педагогтің, мектеп кітапханашысының жұмыстарының жүйелілігі, ата-аналар қауымдастығымен жүргізілген жұмыстар, сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарларының тәрбие тұжырымдамасы негізінде жасалуы талқыланды. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында қосымша біліммен қамтылуы және талапқа сай жүргізілуі, оқушылардың сабаққа қатысымы, оқушылар

арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың, бопсалау деректерінің алдын алу, суицидтің алдын алу жұмыстарының жағдайы бақыланды.

- Сонымен бірге 5 сынып оқушыларының жаңа буынға бейімделу барысында туындаған өзекті мәселелер, жетістіктерді анықтау, оқушылардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары, ата-ана мен мектеп байланысын нығайту мақсатындағы жұмыстардың тиімділігі, тәрбиенің негізгі бағыттарының орындалуы мәселелері бақыланды. Бұл мәселелер сынып жетекшілер бірлестігі отырысында қаралып талқыланды.

Мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы аталған кеңес отырыстарында қаралып, талқыланып, басқарушылық шешімдер шығарылды. Шешімдер орындалып, аталған ұсыныстар уақытылы жойылып отырды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттар мен педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңес, әдістемелік бірлестіктің шешімдерінің орындалуы бақыланды. Бақылау барысында әдістемелік көмек берілді.

Жалпы мектепшілік бақылау жоспарының мақсаты орындалды.

Ағымдағы жылға ұсыныс:

- Сынып жетекшілер жұмысын жинақтап, аудан көлемінде тарату;
- Ата-ана –мектеп- оқушы – үштік одағының жұмысын нығайту.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Е.К.Хитрук